

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2249 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83 - құжаттар):

1) 40 - бапта:

бірінші бөлікте «не сотталған адамның жалақысының немесе ол қылмыс жасаған

сәтіне белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөлікте «немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

2) 45-баптың үшінші бөлігі «ауыр» деген сөзден кейін «немесе» деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 53-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«5. Олармен сотқа дейінгі іс жүргізудің оңайлатылған тәртібі көзделген істер бойынша жасалған қылмыс үшін жаза мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең қатал жаза түрінің ең ұзақ мерзімінің ж а р т ы с ы н а н а с п а у ғ а т и і с . » ;

4) 67-баптың атауында және мәтінінде «жәбірленушімен,» деген сөзден кейін «арыз берушімен», «арыз берушіге» деген сөздермен толықтырылсын;

5 ) 7 7 - б а п т а :

үшінші бөлікте е) тармағында «сотталған» деген сөздің алдынан «бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен толықтырылсын;

б) 79-баптың екінші бөлігінде «немесе кәмелетке толмаған адамның жалақысының немесе өзге табысының екі аптадан алты айға дейінгі кезеңдегі мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

7 ) 1 0 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында «үш» деген сөз «екі» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында «бес» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын ;

8) 105-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

9) 107-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

10) 108-баптың екінші абзацында:

«екі жылға» деген сөздердің алдынан «жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салумен, не немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не» деген сөздермен толықтырылсын;

«немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

1 1 ) 1 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

12) 114-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

13) 114-1-баптың бірінші бөліктің екінші абзацында: «үш жылға» деген сөздердің алдынан «үш жүз айлық есептік көрсеткіштен мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салумен, не» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 115-баптың екінші абзацында: «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын; «не екі жылға дейінгі мерзімге» деген сөздер «не нақ сол мерзімге» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 116-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацында «сегіз жылға» деген сөздердің алдынан «төрт жылдан» деген сөздермен толықтырылсын; 16) 117-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында: «немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын; «шектеуге не» деген сөздерден кейін «үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып» деген сөздермен толықтырылсын; үшінші бөлікте:

бірінші абзацта «дәл сол әрекет» деген сөздер «осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта «не үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөздерден кейін «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацында «Тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі бар адамның, сол сияқты мұндай білімі жоқ адамның заңсыз аборт жасауы, егер

бұл әрекет абайсызда жәбірленушінің өлуіне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса» деген сөздер «Абайсызда жәбірленушінің өлуіне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан заңсыз аборт жасау» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 7 ) 1 1 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8 ) 1 1 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында «сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

19) 123-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2 0 ) 1 2 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 1 ) 1 3 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан төрт айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

22) 134-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

23) 135-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 4 ) 1 3 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

25) 137-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

26) 138-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

27) 139-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

28) 140-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі айдан бес айға дейінгі кезеңде тапқан өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

2 9 ) 1 4 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

3 0 ) 1 4 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

3 1 ) 1 4 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «мөлшерде немесе сотталған адамның бір

айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

32) 144 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

33) 145 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

34) 146 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің алтыншы абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

35) 147-баптың бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

36) 148 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

37) 149-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

38) 150-баптың екінші абзацында: «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын; «бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

39) 150-1-баптың екінші абзацында: «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын; «алты» деген сөз «үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып алты» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

40) 151-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

41) 152 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

42) 153-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

43) 155-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

44) 157 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан тоғыз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір

жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ;

45) 159-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «он екі жылға дейінгі» деген сөздердің алдынан «алты жылдан» деген сөздермен толықтырылсын; 46) 164 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ;

47) 168-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ; 48) 170 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын ; 49) 172 - бапта :

тақырыптағы «жария ету» деген сөздерден кейін «тарату» деген сөзбен толықтырылсын ;

бірінші бөліктің бірінші абзацында : «мәліметтер жинау» деген сөздерден кейін «сол сияқты заңсыз алынған мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында «бабымен» деген сөзден кейін «, не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-іздістіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында» деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөліктің бірінші абзацында : «бабымен» деген сөзден кейін «не қылмыстық, азаматтық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге байланысты, сол сияқты жедел-іздістіру шараларын дайындау немесе жүргізу барысында» деген сөздермен толықтырылсын;

«ауыр» деген сөздің алдынан «ірі зиян келтіруге немесе өзге» деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып



т а с т а л с ы н ;

төртінші бөліктің екінші абзацында «сегіз» деген сөздің алдынан «үш жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы Ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту: Осы Кодекстің 172, 173 және 386-баптарында қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын салада келтірілген зиян ірі зиян деп танылады.»;

5 0 ) 1 7 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацында «ауыр» деген сөздің алдынан «ірі зиян келтіруге немесе өзге» деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында «ауыр» деген сөздің алдынан «ірі зиян келтіруге немесе өзге» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

5 1 ) 1 7 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

в) тармағында «қоймаға» деген сөзден кейін «немесе автокөлік құралының салонына» деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

«мүлкі тәркіленіп» деген сөздердің алдынан «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не» деген сөздермен толықтырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

а ) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацта «он» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

« 4 . М ы н а д а й :

а ) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;

б ) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а ғ а н ұ р л ы қ , -

мүлкі тәркіленіп бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы . » ;

Ескертудің екінші тармағы «мөлшері» деген сөзден кейін «, ал аса ірі мөлшер немесе зиян деп айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асып түсетін мүлік құны немесе зиян мөлшері» деген сөздермен толықтырылсын;

5 2 ) 1 7 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

үшінші бөліктің а) тармағы алып тасталсын;  
екінші абзацта «бес жылдан он» деген сөздер «үш жылдан жеті» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:  
«4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді, е г е р о л а р д ы :

а) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;  
б) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а с а , -  
мүлкі тәркіленіп және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айырып жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;  
5 3 ) 1 7 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

үшінші бөлікте:  
а) тармағы алып тасталсын;  
екінші абзацта «бес жылдан он» деген сөздер «үш жылдан жеті» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:  
«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді, е г е р о л а р д ы :

а) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;  
б) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а с а , -  
мүлкі тәркіленіп бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы . » ;

5 4 ) 1 7 8 - б а п т а :  
үшінші бөлікте:  
а) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацта «алты жылдан он екі» деген сөздер «бес жылдан он» деген

сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді,  
егер о л а р д ы :

а) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;

б) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а с а , -  
мүлкі тәркіленіп жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан  
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы . » ;

5 5 ) 1 7 9 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацында «он екі» деген сөздер «он» деген сөзбен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

а) т а р м а ғ ы а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзацта «сегіз жылдан он бес» деген сөздер «жеті жылдан он екі» деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді,  
егер о л а р д ы :

а) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;

б) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а с а , -  
мүлкі тәркіленіп он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан  
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы . » ;

5 6 ) 1 8 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айға дейінгі  
кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып  
т а с т а л с ы н ;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

а) т а р м а ғ ы а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзацында «жеті жылдан он бес» деген сөздер «бес жылдан он» деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді,  
егер о л а р д ы :

а) ұ й ы м д а с қ а н т о п ;

б) а с а і р і м ө л ш е р д е ж а с а с а , -  
мүлкі тәркіленіп жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан  
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы . » ;

5 7 ) 1 8 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі

кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның төрт айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

5 8 ) 1 8 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып

т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып

т а с т а л с ы н ;

5 9 ) 1 8 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер

а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып

т а с т а л с ы н ;

6 0 ) 1 8 4 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бір айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып

т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер

а л ы п т а с т а л с ы н ;

6 1 ) 1 8 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не үш жылға» деген сөздер «не екі жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 2 ) 1 8 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер

а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер

а л ы п

т а с т а л с ы н ;

63) 187-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

6 4 ) 1 8 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

65) 189-баптың екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның үш айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

6 6 ) 1 9 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

67) 191-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

68) 192-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның үш айдан алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

69) 193-баптың бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының

немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;  
«немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

70) 194-бапта бірінші және екінші бөліктерінің екінші абзацындағы және 195-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

71) 196-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

72) 198-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

7 3 ) 1 9 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

7 4 ) 2 0 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

7 5 ) 2 0 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

төртінші бөліктің екінші абзацында:

«үш» деген сөздің алдынан «екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға

тартуға, не» деген сөздермен толықтырылсын;

«төрт» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

76) 202-баптың екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

77) 202-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

78) 203-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

79) 204-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының не өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

80) 205-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

81) 207-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

82) 208-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталушының бестен жеті айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталушының бес айдан он айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

83) 209-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«екі жүзден бес жүз» деген сөздер «бес жүзден мың» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«немесе сотталған адамның» деген сөздер алып тасталсын;  
«екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай келесі мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

«г) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалса, -»  
8 4 ) 2 1 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 5 ) 2 1 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

8 6 ) 2 1 6 - б а п т ы ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

87) 216-1-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 8 ) 2 1 7 - б а п т ы ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының



немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

89) 218-баптың екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

90) 219-баптың екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

91) 220 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

92) 221 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не төрт» деген сөздердің алдында «не екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салына отырып немесе онысыз» деген сөздермен толықтырылсын;

«немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында:

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер, төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер,

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады не өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

214) мынадай мазмұндағы 380-1, 380-2-баптармен толықтырылсын:  
«380-1-бап. Билікті не қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану

1. Билікті не қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе

лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктері шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер жасауы , -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады .

2. Ауыр зардаптарға әкеп соқтырған не:

а) күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып;

б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолданып;

в) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған нақ сол әрекеттер , -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер , -

жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады .

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер , -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

380-2-бап. Биліктің әрекетсіздігі

1. Биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, -

екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекеттер, -

төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ұрыс жағдайында жасалған әрекеттер , -

бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, соғыс уақытында жасалған әрекеттер , -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады .

» ;

215) 383-баптың екінші абзацындағы «бес» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

216) 384-баптың екінші абзацы «он жылға» деген сөздердің алдына «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын;

217) 385-баптың екінші абзацындағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

218) 386-баптың үшінші бөлігінде: бірінші абзацы «ауыр зардаптарға» деген сөздер «ірі зиян келтіруге не өзге де ауыр зардаптардың болуына» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацыдағы «үш» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

219) 390-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы «он жылға» деген сөздердің алдынан «бес жылдан» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар):

1) 7 - б а п т а :

9) және 14) тармақтардағы «(мемлекеттік айыптаушы)» деген сөздер алып тасталсын;

келесі мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1) «тергеуге дейінгі тексеру» - қылмыстық қудалау органдарының осы Кодексте белгіленген өкілеттіктер шегінде қылмыстық іс қозғау кезеңінде қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздерді анықтау зерттеу және бағалау жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны;»;

2) 36-баптың бесінші бөлігінде:

«міндетті» деген сөзден кейін «және үш тәуліктен кешіктірмей орындалуы тиіс. Қылмыстық істі қозғау немесе сезіктіні, қамауға, тұтқынға алу туралы шешімді қабылдау қажет болғанда, қылмыстық қудалау органының талаптары жиырма төрт сағаттың ішінде орындалуы тиіс» деген сөздермен толықтырылсын;

«Аталған» деген сөз «Негізді себепсіз аталған» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 37 - б а п т а :

тақырыбындағы «ізге түсуді» деген сөздер «істі жүргізу» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлік «қозғалған» деген сөздің алдынан «қылмыстық іс» деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10) тармақтағы «әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты» деген сөздер «артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның келісім беруден бас тартуына байланысты» деген сөздермен ауыстырылсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

«3 және 4» деген сөздер «3, 4 және 11» деген сөздермен ауыстырылсын;

«егер айыпталушы» деген сөздер «арызданушы қылмыс жасаған адам деп дәл көрсетіп тұрған адам, сезікті, айыпталушы, сондай-ақ сотталушы немесе олардың заңды өкілдері» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«3, 4, 9, 10, 11-тармақтарда көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдау үшін жәбірленуші тараптың келісімі талап етілмейді.

Қылмыстық істі тоқтату бір уақытта қылмыстық ізге түсуді тоқтатуға әкеп соғады.»

;

мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын:

«4-1. Әрекет жасаған кезде заңда көзделген жасына толмаған адамға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында көрсетілген негіз бойынша қабылдануға тиіс. Дәл осы негіз бойынша қылмыстық жауапқа тартылатын жасқа жетсе де, бірақ психикалық науқаспен байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толығымен ұға алмаған және оларды басқара алмаған кәмелетке толмаған адамға қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдауы тиіс.»;

4) 38-баптың бірінші бөлігінде:

«жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде көзделген ақтамайтын өзге де жағдаяттар бойынша адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық істі қысқартуға» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65, 66-баптарында, 67-бабының 2-бөлігінде, 68-бабында, сондай-ақ 373, 375-378, 381-баптарының ескертулерінде көзделген жағдайларда қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауапкершіліктен босатуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 48-бапта:

бірінші бөлік «айыптау» деген сөзден кейін «немесе күдікті ету» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «соңғы» деген сөз «бірінші» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6) 50-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барлық қажетті тергеу іс-әрекеттерді орындау шартымен екі ай тергеу мерзімі өтпестен бұрын тоқтатыла тұруы мүмкін.»;

7) 51-баптың бірінші бөлігіндегі «органның қысқартуына жатады» деген сөздер « орган қысқартады» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

«51-1-бап. Адамға қатысты қылмыстық ізге түсуді тоқтату тәртібі

1. Сезіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық ізге түсу осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде және 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер б о й ы н ш а т о қ т а т ы л а д ы .

2. Қылмыстық ізге түсуді тоқтатуды осы Кодекстің 128-бабында белгіленген ережелерді сақтап, дәлелдемелерді бағалағаннан кейін қылмыстық процесті жүргізуші о р г а н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Сезіктіге және айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтатқан жағдайда іс бойынша іс жүргізу осы Кодекстің 50-бабында көзделген негіздер бойынша жалғастырылуы немесе тоқтата тұруы мүмкін.

4. Қылмыстық ізге түсуді тоқтату туралы шешім тек күдіктіге және айыпталушыға қатысты қабылдана алады. Осы қылмыстық іс бойынша сезікті және айыпталушы болып танылмаған адамдарға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н . » ;

9 ) 5 3 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында осы Кодексте және басқа да заңнамада көзделген мемлекеттік құпияларды және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«8. Процеске қатысушыларға тапсырылуға жататын мемлекеттік құпияларды өзге де немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер бар істен іс жүргізу құжаттарының көшірмелері олармен танысқаннан кейін іспен бірге сақталады және процеске қатысушыларға сот отырысы кезінде тапсырылады.»;

10) 66-баптың бірінші бөлігіндегі «бөлімшенің және анықтау органының өзге де бөлімшелерінің бастықтары» деген сөздер «анықтау органының бастықтары және олардың орынбасарлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 ) 6 8 - б а п т а :

бірінші бөлік «қылмыстық іс қозғалған» деген сөздерден кейін «немесе оны сезікті деп тану туралы қаулы шығарылған» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Сезікті деп тану туралы қаулыда мыналар көрсетілуге тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен жері; қаулыны кім жасады; сезікті деп танылған адамның тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы, күні, айы және оның туған жері;

2) оны жасаған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 117-бабына сәйкес дәлелдеуге тиіс жататын өзге де мән-жайлар көрсетілген жасағанына адам күдікті болатын қылмыстың сипаттамасы;

3) осы қылмыс үшін жауапкершілік көзделетін қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы) .

Қаулы тергеліп жатқан іс бойынша адамды сезікті деп тану туралы шешімді қамтуға тиіс. Адамды сезікті деп тану туралы қаулы осы адамға ұсынылады. Тергеуші сезікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамға сезіктінің құқықтарын түсіндіруге және оған осы қаулының көшірмесін тапсыруға міндетті.

Адамды сезікті деп тану туралы қаулының көшірмесі оны шығарғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.»;

жетінші бөлік «қаулының» деген сөзден кейін «немесе оны сезікті деп тану туралы қаулының» деген сөздермен толықтырылсын;

12) 82-баптың үшінші бөлігінде:

«өз қолымен жазуға;» деген сөздерден кейін «жауап алуға дейін оны сезікті деп тану туралы қолдаухатты мәлімдеуге;» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Куәгерге оның алдын ала тергеуге және сотқа қатысуына байланысты келтірілген шығыстарды өтеу қамтамасыз етіледі.»;

13) 84-баптың бірінші бөлігі «Тергеуге» деген сөздің алдынан «Тергеуге дейінгі,» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 92-баптың үшінші бөлігі «прокурор» деген сөзден кейін «не тиісінше тергеу бөлімінің бастығы немесе анықтау органының бастығы» деген сөздермен толықтырылсын;

15) 108-баптың екінші бөлігінде:

«үш» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Қамауға алу, тінту, алу, меншікке тыйым салу, айыпталушы ретінде іске тарту, қызметінен шеттету кезінде заңды бұзу, сондай-ақ қинау, күш қолдану, қорқыту, не қорғануға құқығын бұзу туралы шағымдар оны алған сәттен бастап бес тәуліктің ішінде қарауға жатады.»;

«жеті» деген сөз «он бес» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 116-баптың бірінші бөлігі 7) тармақтағы «қолдану арқылы» деген сөзден кейін «;» белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақпен толықтырылсын:

«8) осы Кодексте белгіленген тергеуге дейінгі тексеру, қылмыстық іс бойынша

сотқа дейінгі іс жүргізу мерзімі аяқталған соң жиналып»;  
1 7 ) 1 2 1 - б а п т а :

үшінші бөлікте «Үкім шығару немесе істі қысқарту» деген сөздер Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық іс жүргізуді тоқтату немесе үкім шығару туралы шешім» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 4) тармағындағы «үкімі» деген сөз «шешімі» деген сөзбен ауыстырылсын ;

18) 123-баптың екінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді ;

1 9 ) 1 5 0 - б а п т а :  
ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы «тергеушінің немесе анықтау органының» деген сөздер «қылмыстық ізге түсу органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші абзацта :

«Тергеушінің немесе анықтау органының» деген сөздер алып тасталсын;  
«өтінішін» деген сөз «өтінішті» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«тергеуші, анықтау органы» деген сөздер «қамау түрінде бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтініш жасаған қылмыстық ізге түсу органы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші бөліктің бірінші абзацында «Тергеушінің, анықтау» деген сөздер «Қылмыстық ізге түсу» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 0 ) 1 5 3 - б а п т а :

екінші бөліктегі «тергеушінің» деген сөз «қылмыстық ізге түсу органының» деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші және төртінші бөліктер «бастығының» деген сөзден кейін «не қылмыстық істі өз қарауына қабылдаған прокурордың не тергеу тобы басшысының» деген сөздермен толықтырылсын ;

21) 154-баптың алтыншы бөлігіндегі «тергеуші, анықтау органы» деген сөздер «қылмыстық ізге түсу органы» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 159-баптың бірінші бөлігінде:

«жүргізуші орган» деген сөздерден кейін «прокурордың санкциясымен» деген сөздермен толықтырылсын ;

«егер» деген сөз алып тасталсын ;

«жеткілікті негіз болса» деген сөздер «жеткілікті негіздер болған кезде» деген сөздермен ауыстырылсын ;

23) 161-баптың он төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

«Тергеушінің, анықтаушының мүлікке тыйым салудың күшін жою туралы қаулысы прокурордың келісімімен шығарылады.»;

24) 174-бап мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адамның тергеуге дейінгі тексерісті өткізетін қылмыстық қудалау органының талабы бойынша тергеуге дейінгі тексеріс іс жүргізуінде адамның қатысуы нәтижесінде келтірілген шығыстар өтеуге жатады.»;

25) 176-бап мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

«12. Осы Кодекстің 176-бабының 6-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, іс жүргізу шығындары туралы деректер болған жағдайда, қылмыстық қудалау органы іс жүргізу шығындарын өндіруді қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндетті.»;

26) 181-баптың бірінші бөлігіндегі «немесе теледидар» деген сөздер «, теледидар немесе телекоммуникациялық жүйелер» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) мынадай мазмұндағы 183-1-баппен толықтырылсын:

«183-1-бап. Қылмыс туралы арыз немесе хабарлама бойынша тергеуге дейінгі тексерісті жүргізу тәртібі

1. Қылмыс туралы арыз немесе хабарлама бойынша тергеуге дейінгі тексеріс қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын қылмыс белгілерінің және мән-жайлардың бар-жоғын көрсететін нақтылы деректерді анықтаудан, зерттеуден және бағалаудан тұрады.

2. Қылмыс туралы арыз немесе хабарлама бойынша шешім қабылдау үшін маңызы бар нақтылы деректерді алу мақсатында тергеуге дейінгі тексеріс барысында тексеру, көзін жеткізу, алу, үлгілерді алу жүргізілуі, сараптама тағайындалуы, түсініктемелер алынуы, анықтамалар мен өзге де құжаттар сұратылуы, тексерулер, түгендеулер, салық және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тексерулер жүргізілуі мүмкін.

3. Тергеуге дейінгі тексерісті жүргізу кезінде тексерілетін субъектінің кәсіпкерлік қызметін бұзуға, тоқтата тұруға, тоқтатуға, азаматтарды қылмыстық қудалау органына мәжбүрлеп жеткізуге әкелетін негізсіз тексеру іс-әрекеттерін жүргізуге жол берілмейді.

4. Түсініктемелер алу осы Кодекстің 286-бабының үшінші бөлігінде көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.»;

28) 184-бапта:

«Қылмыс туралы» деген сөздер «1. Қылмыс туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«құжаттарды немесе өзге материалдарды талап ету, оқиға өткен жерді қарау, сараптама жүргізу» деген сөздер алып тасталсын;

«тергеу бөлімінің бастығы» деген сөздерден кейін «, прокурор» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«2. Прокурор қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі қозғау туралы шешімінің күшін жойған және материалдарды қосымша тергеуге дейінгі тексеріс жүргізу үшін жіберген жағдайларда



оның мерзімі қылмыстық қудалау органына материалдар келіп түскен күннен бастап  
б і р а й д а н а с п а й д ы . » ;

29) 190-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«190-бап. Прокурордың қылмыстық іс қозғаудың заңдылығын  
қ а д а ғ а л а у ы

1. Қылмыстық іс қозғаудың заңдылығын қадағалай отырып, прокурор:

1) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу және шешу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

2) қылмыс туралы арыз немесе хабарды тіркеу, тергеуге дейінгі тексеруді жүргізу, қылмыстық істі қозғау немесе оны қозғаудан бас тарту туралы жазбаша нұсқаулар ж і б е р е д і ;

3) оқиға болған жерді қарауға, басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге қатысуға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау немесе одан бас тарту туралы мәселені шешу үшін тергеуге дейінгі тексеріс жүргізуге құқылы;

4) өзі қозғаған қылмыстық істі тергеу жүргізу үшін береді.

2. Прокурор дәлелді қаулымен:

1) қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысының күшін жоюға және қылмыстық істі қозғаудан бас тартуға немесе материалдарды қосымша тергеуге дейін тексеру үшін іс жүргізуге жіберуге;

2) қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысының күшін жоюға және қылмыстық істі қозғауға немесе материалдарды қосымша тексеру үшін іс жүргізуге жіберуге;

3) қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық істі қозғау туралы қаулысының күшін жоюға және өзге де қылмыс құрамының белгілері бойынша қылмыстық іс қ о з ғ а у ғ а ;

4) қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық істі қозғау туралы қаулысының күшін жоюға және егер ол бойынша тергеу іс-әрекеттері жасалған болса, оны тоқтатуға ;

5) осы Кодексте белгіленген тергелу ретіне қарамастан, тергеуге дейінгі тексеріс материалдарын бір қылмыстық қудалау органынан екіншісіне беруге;

6) анықтау немесе алдын ала тергеу органынан тергеуге дейінгі тексеріс материалын алуға және ол бойынша қылмыстық іс қозғауға не оны қозғаудан бас т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы . » ;

30) 192 - бапта :  
е к і н ш і б ө л і к т е :

«175-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «175-бабында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«178-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «178-бабында ( екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«181-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздер «181-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«256-бабында (екінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;

«287-бабында (екінші бөлігінде), 288-бабында (екінші бөлігінде)» деген сөздер «287-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 288-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздермен ауыстырылсын;

«319,» деген цифрлардан кейін «319-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«321, 322» деген цифрлар «321-322» деген цифрлармен ауыстырылсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

«176-бабында (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің а), б), в) тармақтарында» деген сөздерден кейін «, төртінші бөлігінде» деген сөздермен толықтырылсын;

«177-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «177-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-3-бөлік «227, 380» деген сандардан кейін «380-1, 380-2» деген сандармен толықтырылсын ;

31) 197-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«197-бап. Прокурордың алдын ала тергеу барысындағы ө к і л е т т і к т е р і

1. Қылмыстық ізге түсу мен қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдылықты қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) жеке тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге қатысуға құқылы;

2) заңда көзделген жағдайларда алдын ала тергеуді, анықтауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне санкция береді;

3) тергеушіден, анықтаушыдан, сондай-ақ төмен тұрған прокурордан тексеріс үшін қылмыстық істі немесе сотқа дейінгі іс жүргізу және жедел-ізвестіру қызметтерінің барысы туралы ақпарат сұратуға құқылы;

4) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының қылмыстық іс бойынша қаулысының, сондай-ақ анықтау органы мен тергеу бөлімі бастықтарының, төмен тұрған прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жояды;

5) тергеу және өзге де іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу, айыпталушы ретінде жауапқа тарту, қылмыстың сипаттамасы мен айыптаудың көлемі, бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе күшін жою, айыпталушыны сотқа беру немесе қылмыстық қудалауды тоқтату үшін прокурорға істі жолдау туралы, сондай-ақ қылмысты ашу үшін қажетті шаралар қабылдау, адамдарды іздестіру, жедел-ізвестіру қызметтерінің материалдарын қылмыстық іске қосу туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқылы;

6) заңда көзделген жағдайларда, егер олар заңды бұзуға жол берсе, тергеушіге, анықтаушыға, сондай-ақ төмен тұрған прокурорға қарсылық білдіру туралы мәселені шешеді не оларды іс бойынша іс жүргізуге немесе қадағалауды жүзеге асыруға одан әрі қ а т ы с у д а н ш е т т е т е д і ;

7) қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыным енгізеді;

8) қылмыстық істі анықтау органынан алып, алдын ала тергеу органына береді; айрықша жағдайларда тергеудің толық және объективті болуын қамтамасыз ету мақсатында алдын ала тергеу органының жазбаша өтінімі бойынша не өз бастамашылығымен істі, осы Кодексте белгіленген тергеу ретіне қарамастан, алдын ала тергеудің бір органынан екінші органына береді;

9) анықтаушының, тергеушінің не анықтау, тергеу органдары басшыларының немесе төмен тұрған прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

10) осы Кодексте белгіленген жағдайлар мен тәртіпте алдын ала тергеу, анықтау мерзімдерін ұзартарды;

11) қамауға алуға, үйде қамап ұстауға немесе оны ұзартуға санкция беру жөніндегі өтінішті қолдау туралы мәселелерді қарастырады;

12) іс жүргізуді тоқтата тұрған істер бойынша анықтау органынан жедел-іздігі қызметін жүргізу және қылмыстарды ашу, айыпталушыларды іздестіру бойынша қолданылатын шаралар туралы мәліметтер алуға құқылы;

13) сезіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудың заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді, заңда белгіленген жағдайларда оларды босатарды;

14) осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Прокурордың тергеушіге, тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органына, анықтау органының бастығына, анықтаушыға және төмен тұрған прокурорға осы Кодексте көзделген тәртіппен берген жазбаша нұсқаулары орындау үшін міндетті болып табылады, бірақ жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Жоғары тұрған прокурорға алынған нұсқауларға шағымдану олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

3. Қылмыстық істі өз іс жүргізуіне алған прокурор осы Кодексте көзделген тергеушінің барлық өкілеттіктерін пайдаланады.»;

32) 199-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«5. Тергеу тобының жетекшісі болып тағайындалған прокурор, осы Кодексте көзделген тергеушінің барлық өкілеттіктерін пайдаланады.»;

33) 204-баптың бірінші бөлігі «Қылмыстық іс бойынша» деген сөздерден кейін «тергеуге дейінгі тексеріс барысында немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

34) 222-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тексеру куәлерді қатыстыра отырып жүргізіледі. Баруы қиын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмағанда немесе басқа объективті себептерге байланысты азаматтарды куә ретінде тарту мүмкін болмаған кезде не оны жүргізу адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен байланысты болса, тексеру, сондай-ақ құжаттар

мен заттарды тексеру куәлерді қатыстырмай, бірақ оның барысы мен нәтижелерін бекітудің техникалық құралдарын қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.»;

3 5 ) 2 2 3 - б а п т а :

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

«ұйымдарға» деген сөздің алдынан «жергілікті атқарушы орган айқындайтын» деген сөздермен толықтырылсын;

«олардың құны» деген сөздерден кейін «сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджеттің есебінен» деген сөздермен толықтырылсын;

36) 225-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Эксгумация тергеушінің дәлелді қаулысы бойынша жерленген адамның жақын туыстары мен жұбайының (зайыбының) келісімімен жүргізіледі. Қылмыстық іс бойынша шешім қабылдау эксгумациясыз мүмкін болмайтын ерекше жағдайларда ол прокурордың санкциясы бойынша мәжбүрлеу жолымен жүргізіледі.»;

3 7 ) 2 2 6 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі «куәға» деген сөзден кейін «, сондай-ақ қылмыстық істі қозғағанға дейін - мәлімдеушіге және мәлімдеуші қылмыс жасаған деп дәл көрсетіп тұрған адамға» ;

екінші бөлік «куәнің» деген сөзден кейін «мәлімдеушінің, сондай-ақ мәлімдеуші қылмыс жасаған деп дәл көрсетіп тұрған адамның» деген сөздермен толықтырылсын;

38) 232-баптың бірінші бөлігінде:

«мемлекеттік» деген сөз «мемлекеттік құпияларды» деген сөздермен ауыстырылсын ;

«немесе оның орынбасары» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Қылмыстық іс қозғағанға дейін ұйымның үй-жайларында заттар мен құжаттарды алу тек прокурордың санкциясымен рұқсат етіледі.»;

39) 30-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«30-тарау. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау. Хабарламаларды жолдан ұстау. Сөйлесулерді тыңдау мен жазу»;

4 0 ) 2 3 7 - б а п т а :

ж е т і н ш і б ө л і к т е :

«куәгерлердің және» деген сөздер алып тасталсын, «маманның қатысуымен» деген сөздер «маманды тарта отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

42) 256-бап мынадай мазмұндағы 4-бөлікпен толықтырылсын:

«4. Қылмыстық істі қозғау туралы шешім қабылдау үлгілерді зерттеусіз мүмкін болмаған жағдайларда, олар қылмыстық істі қозғағанға дейін алынуы мүмкін.»;

42) 258-баптың бірінші бөлігінде:

«сондай-ақ» деген сөз алып тасталсын;

«адамнан» деген сөзден кейін «, сондай-ақ қылмыстық істі қозғағанға дейін - мәлімдеушіден және мәлімдеуші қылмыс жасаған деп дәл көрсетіп тұрған адамнан» деген сөздермен толықтырылсын;

43) 263-баптың үшінші бөлігі «аталған жағдайларда» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ мәлімдеушіден және мәлімдеуші қылмыс жасаған деп дәл көрсетіп тұрған адамнан» деген сөздермен толықтырылсын;

44) 269-баптың үшінші бөлігі «қылмыстық ізге түсу» деген сөздерден кейін «осы Кодекстің 37-1-бабында көзделген тәртіппен» деген сөздермен толықтырылсын;

45) мынадай мазмұндағы 272-1-баппен толықтырылсын:  
«272-1-бап. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру

1. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру прокурордың, тергеушінің, анықтау органының қаулысы бойынша, ал сот ісін жүргізу барысында қылмыстық іс немесе материалдар жоғалған жағдайда орындау үшін прокурорға жіберілетін сот шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қылмыстық істі қалпына келтіру осы Кодексте белгіленген тәртіппен дәлелдемелер деп танылуы мүмкін қылмыстық іс материалдарының сақталған көшірмелері бойынша не қылмыстық процесті жүргізетін органның іс жүргізу әрекеттерін жүргізу жолымен жүргізіледі.

3. Қылмыстық істі қалпына келтіру кезінде анықтау, алдын ала тергеу және қамау мерзімі осы Кодекстің 153, 196 және 285-баптарына белгіленген тәртіппен есептеледі.

4. Егер жоғалған қылмыстық іс бойынша қамауда ұстаудың шекті мерзімі бітсе, айыпталушы дереу босатылуға жатады.»;

46) 275-баптың екінші бөлігінде:  
«Мемлекеттік» деген сөзден кейін «құпиялар» деген сөзбен толықтырылсын;  
«талқылауы кезінде» деген сөздер «отырысы кезінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 280-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Айыпталушыда - Қазақстан Республикасының азаматында жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда қылмыстық іске айрықша жағдайларда өзге құжат қоса тіркелуі мүмкін.»;

Ескерту мынадай мазмұндағы 9) тармақпен толықтырылсын:

«9) уәкілетті орган ұсынған жеке куәлікті, паспортты беруге 1-н өтініштің көшірмесі»;

48) 281-бап 10) тармақтағы «тексеруге міндетті.» деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 11) тармақпен толықтырылсын:

«11) қылмыстық ізге түсу органының оларды сотпен өндіруді қамтамасыз ету үшін іс жүргізу шығындарының сомаларын белгілеу шараларының

қабылдаған-қабылдамағанын тексеруге міндетті.»;

49) 282-баптың 4) тармағы «қайтарады» деген сөзден кейін «, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады» деген сөздермен толықтырылсын;

50) 284-баптың бірінші бөлігі «қорытындысымен» деген сөзден кейін «және осы Кодекстің 280-бабының ескертуінде көрсетілген жеке басын куәландыратын құжатпен» деген сөздермен толықтырылсын;

51) 285 - бапта :

екінші бөлікте «188 (екінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын; сегізінші бөліктегі «-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздер «-бабында» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-2-бөлікпен толықтырылсын:

«8-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабында (екінші бөлігінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.»;

52) 289-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақпен толықтырылсын:

«1-1) істі қосымша анықтау немесе тергеу жүргізу үшін не айыптау хаттамасын немесе айыптау қорытындысын қайта жасау үшін анықтаушыға қайтаруға құқылы, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады;»;

53) 403-баптың екінші бөлігі «тәртіп сақтауға» деген сөздерден кейін «және қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге» деген сөздермен толықтырылсын;

54) 523-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«523-бап. Құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынас жасау тәртібі

1. Іс жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді басқа мемлекеттің аумағында жүргізу қажет болған кезде сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы шет мемлекеттің құзыретті мекемесіне жазбаша нысанда тиісті бланкіде жасайды, қол қояды және қылмыстық іс жүргізуші органның елтаңбалық мөрімен куәландырады.

2. Тапсырманы ресімдеу кезінде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ол жіберілетін шет мемлекеттің тілі пайдаланылады.

3. Іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу туралы тапсырма:

1) атқарушы құжаттарды уақтылы кезінде орындауды қамтамасыз ету саласындағы орталық уәкілетті органдар;

2) сот немесе прокурор санкциясын қажет етпейтін тергеу іс-әрекеттерін орындау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы қаржы полициясының орталық уәкілетті органдары, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің орталық уәкілетті органдары, Қазақстан Республикасының ішкі істерінің орталық уәкілетті органдары,

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің орталық уәкілетті органдары, Қазақстан Республикасының Әділет орталық уәкілетті органдары, Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің орталық уәкілетті органдары, Қазақстан Республикасының кеден орталық уәкілетті органдары;

3) қалған жағдайларда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы арқылы жіберіледі.

4. Ұстап беру және қылмыстық ізге түсу мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсету тәртібі осы Кодекстің 527, 529-баптарында анықталады.»;

55) 525-баптың бесінші бөлігіндегі «тиісінше Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі арқылы» деген сөздер «белгіленген тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 532-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағындағы «мүмкін болмаса, ұстап беруге жол берілмейді.» деген сөздер «мүмкін болмаса;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

«5) адам сұрау салынатын мемлекетте азаптауды қолдану қаупіне душар болуы мүмкін деп жорамалдауға негіздер болса, ұстап беруге жол берілмейді.».

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*